

Мырзабеков Жамбыл Ерғараұлының «6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «М.Х.Дулатидің философиялық дүниетанымындағы түркі өркениетінің тарихи-мәдени құндылықтары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Адамзат дамуының қай кезеңінде болмасын өзекті болған тарих сананы модернизациялау мәселесінің маңызы қазіргі заманғы жаһандану дәуірінде кез келген қоғам үшін арта түсіп отыр. Біріншіден, қоғамда өмір сүріп отырған ұлттар мен ұлыстар, оның әрбір азаматы өз елі мен мемлекетінің тарихын, әлемде алатын орнын, оны қалыптастыруға үлес қосқан тұлғалардың өмірі мен қызметін, олардың дүниетанымындағы құндылықтарды сана сарабынан өткізіп, терең ұғынбайынша бұл қоғамда жүргізіліп жатқан әртүрлі саяси-экономикалық өзгерістер табысты болмайды. Сонымен қатар, өркениеттердің тарихы мен дамуы туралы заманауи теорияларда да бұрынғы сыңаржақ пікірлер қазіргі заманғы ғылымда бүгін де кездесіп отыр. Мысалы, тұтас халықтардың, әсіресе Азия халықтарының тарихы, мәдениеті, философиясы мен құндылықтары туралы еуроцентристік көзқарас әлі күнге дейін басым.

Бірақ осыдан отыз жылдай бұрын тәуелсіздігіне қол жеткізген Қазақстан өзінің тарихы мен қайталанбас мәдениетін зерттеу, әлем деңгейінде көрсете білу мәселесін мемлекеттік дамудың басты стратегияларының бірі ретінде қарастырудан бір сәт те таймады және бұл міндет негізінен алғанда отандық ғалымдарға – тарих, тіл, философия, мәдениеттану ғылымдарының мамандарына жүктелді. Ғалымдарымыз өздеріне жүктелген осындай күрделі міндетті абыроймен атқарды және атқарып келеді деп нық сеніммен айта аламыз. Заманның қиындығына, теориялық және әдістемелік ұстанымдардың тапшылығына қарамастан, түркі және қазақ дүниесінде өзіндік із қалдырған көптеген тұлғаларымыздың дүниетанымы жан-жақты зерттелді, олар туралы қомақты диссертациялар, монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдары жазылды.

Бұл іс қазір де жалғасып отыр және оның нақты мысалы – ізденуші Мырзабеков Жамбыл Ерғараұлы «6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынып отырған «М.Х.Дулатидің философиялық дүниетанымындағы түркі өркениетінің тарихи-мәдени құндылықтары» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс.

Мырзабеков Жамбыл Ерғараұлының диссертациясы – ұзақ жылғы ғылыми ізденістің нәтижесі және оның Елбасы «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласында ұсынған тарихи сананы модернизациялау мәселесіне өте сай келіп тұрғанын атап өткім келеді. Түркі өркениетінің көрнекті өкілі, білгір басшы ғана емес, ғұлама ғалым Мұхаммед Хайдар Дулати мұрасын қазақ топырағына жеткізу ісіне еліміздің белгілі тұлғалары үлкен еңбек сіңірді, Әбсаттар Дербісәлі, С.Қасқабасов, Ислам Жеменей және тағы басқа ғалымдардың тікелей атсалысуымен оның «Тарих-и Рашиди», «Жаһаннаме»

